



Адамгершілік ар - ұят адамдықтың белгісі

(ТОПТЫҚ, ҰЖЫМДЫҚ)

# Мақсаты:

**Білімділігі:** адамгершілік, әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік қасиеттерін оқушылардың бойларына сіңіру

**Дамытушылығы:** әдепті, сыпайы, инабатты болуға, жаман, әдепсіз қылықтардан бездіру арқылы бойларына сіңіру

**Тәрбиелігі:** өздігінен талшынып, жауапкершілікті сезінетін әдепті, өнегелі тұлғаны тәрбиелеу



*Көрнекілігі: нақыл сөздер, плакаттар, карточкалар*

*Түрі: топтық, ұжымдық жұмыс Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, баяндау, пікір-талас*






# Сабақтың барысы:

*1. Ұйымдастыру кезеңі*

*2. Кіріспе*

- *Практикалық тапсырма*
- *Пікірталас*
- *Қызығушылықтарын ояту*
- *«Қалай дер едің» қарама-қарсы мағынасын табу*
- *«Жылы шеңбер» ойыны*
- *Сұрақ-жауап*
- *Қорытынды*





Адамгершілік-адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттеуге негіз болатын белгілі бір ізгілік ұғымдарын білдіретін моральдық ұғым. Адамгершілік адамдардың мінез-құлқынан іс-әрекеттерімен көзге түседі. Өз алдына қойған мақсатқа жету жолында әдіс-айла талғамайды.

Адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас өзге адамды дұрыс тыңдай біліп, әңгімелесіп отырған адамның тілегін дұрыс түсіне білген жағдайда жақсарды.





## Практикалық тапсырма

1. Сіз үзілісте досыңызбен ойнағыңыз келеді, бірақ сіз ойнағыңыз келмейді. Не істеу керек?
2. Жолдасыңыз сауда дүңгіршігінен сағыз ұрлауға шақырды. Сіз не істейсіз?
3. Мұғалімнің тапсырмасын бүгін орындауға уәде бердіңіз, бірақ үлгермедіңіз, не істейсіз?
4. Оқу материалдарын түсінбеген жағдайда мұғалім мен сыныптас жолдастарыңыз сізге көмектескісі келмесе, не істер едіңіз?
5. Сізбен қарым-қатынасы онша емес сыныптас жолдасыңыз көмек сұрады. Не істер едіңіз?





# *Пікірталас*

Достық пен махаббат туралы

- Достықтың адамға қажеттілігі
- Шынайы достық пен жалған достық
- Махаббаттың ұлы күші
- Әке-ана махаббаттарының ерекшеліктері

*Дөңгелектерге адам бойындағы жақсы қасиеттер жазылып қойылған. Осы сөздің мағынасын ашу.*

Адал

Қанағатшыл

Қайратты

Шыншыл

Иманды



## **"Жылы шеңбер" ойыны**

***Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, шеңбер құрап, көршісіне: "мен сенімен бір сыныпта оқығанымға қуаныштымын, себебі..." деп қарай жалғастрып, жақсы сөздерін арнайды.***

- Қымбатты студенттер, “жақсылыққа жақсылық-әр адамның ісі, жамандыққа жақсылық-ер адамның ісі” дей отырып алдағы уақытта мейірімді, жан шуақты, көңілдерің ақ, адамға тек жақсылық жасай білетін, адамгершілігі мол азамат болыңдар.
- Бүгінгі кураторлы сағатымызда аз болса да, жақсылықтың нұры, адамгершіліктің дәнін алдыңдар деп ойлаймын.